Осакаров ауданының апталық газеті

Сельский Труженик

29 қазан, 2022 жыл № 42 (7838)

25 қазан РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Егемендік ел шоқтығы

25-ШІ ҚАЗАН. ЕНДІГІ ЖЕРДЕ РЕСПУБЛИКА КҮНІ АТАЛҒАН ОСЫНАУ БЕЙБІТ ЗАМАН ҮШІН, БАБАЛАРЫМЫЗ ЖАН АЛЫП, ЖАН БЕРІСТІ. ТҮН ТҮСІНДЕ КӨРІП, КҮНДІЗ КҮРЕСКЕН ЕДІ. "ЖАЛАУЛЫ НАЙЗА ҚОЛҒА АЛЫП ЖАУ ҚАШЫРАР МА ЕКЕНБІЗ?!" ДЕГЕН АҚТАМБЕРДІНІҢ ЖАЛЫНДЫ ЖЫРЫ ОСЫ АРМАНДЫ АЙҚЫНДАҒАНДАЙ. ӨЗ АЛДЫНА ЖЕКЕ МЕМЛЕКЕТ БОЛҒАН ЕЛ ҒАНА ЕГЕМЕНДІК ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАДІРІН ҚАСТЕРЛЕЙТІН. БІЗ АҢСАҒАН АРМАНҒА ЖЕТТІК. ӨЗГЕ ЕЛ ЕГЕМЕНДІГІН ДӘП БІЗДЕЙ КҮТТІ МЕ? ОЛАР ҮШІН ТӨУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ҚАЛАЙ?...

Жансая Сәрсенбайқызы

Жоғарғы Кеңестің қаулысымен 1990 жылы 25 қазанда егемендік туралы Декларация қабылданды. Қазақ КСР-нің егемендігі, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде саяси-құқықтық негіздері айқындалды. Онда тұңғыш рет аумақтардың тұтастығы, бейбітшілік және мызғымастығы, Қазақстан халықтары мен олардың тілдерінің мәдениетін дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту сияқты мемлекеттіліктің қағидалары бекітілді. Сондай-ақ, қоғамға саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді дербес шешу принципі жарияланды. Қазақ КСР өзінің ішкі әскерлерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын құру құқығын алды. Ал, Президент ел басшысы, өкімшілік-атқарушы һәм жоғары биліктің басшысы болып танылды. Декларацияның арқасында біз кеңестік заңдарды тоқтата алдық және өзімізің заңдарымызды өкпе бастадық. Осы қағидалар негізінде 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылданды.

Ал, Республика күні Қазақстанда 1992 жылдан бері тойланып келе жатқанымен, мемлекеттік мерекелер тізімінде тек 2001 жылы бірақ енгізілді. Республика күнін бұған дейін, өлімізі 17 рет тойлады. Тек 2009 жылдың сәуір айында «Мерекелер туралы» Қазақстанның жаңа заңында Республика күні қалыс қалды. Бұл мерекені алып тастауға соншалықты бір маңызды себеп болған емес. Бертінге дейін шенеуніктер Республика күнінің маңызы одан кейін келетін Тәуелсіздік күнінен бір мысқал кем екестігін ауыздан тастамайтын. Тек кейбір сарапшы бұл декларация Қазақстанның емес, Қазақ КСР-нің егемендігін жариялады деп есептеген болатын. Не керек, арада 13 жыл сапын ел тарихындағы айшықты күн, Республика күні халыққа қайта қауышты.

– Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан 25 қазан жыл сайын Егемендік күнін өлімізің басты мерекесі ретінде атап өтуміз керек. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл өлімізің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Өрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға әр үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл аз дөнеңіз, Республика күнін өлем өлдері өзінше атап өтеді. Мысалы, АҚШ халқы Республика күнін жыл сайын 4 шілдеде тойлайды. Себебі 1776 жылы дәл осы күні АҚШ тәуелсіздік декларациясын қабылдаған. Республика күні АҚШ-тың азат әрі тәуелсіз ел ретіндегі туған күні болып саналады. Американдықтардың көпшілігі бұл күнді күнінде қарап, «Шілдеңнің төртінде» деп атайды. Бұл мейрамда отшашулар атылып, барбекю пісіріліп және карнавалдар, жәрмеңкелер, пикниктар, концерттер, бейсбол ойындары, отбасылық кездесулер дәстүрлі түрде өткізіледі. Сондай-ақ үлкен халыққа жолдау жолдап, әртүрлі іс-шара ұйымдастырады. Республика күні — АҚШ-тың ұлттық мейрамы. Сондықтан бұл мерекені американдық отбасылар асыға күтеді.

Ал, аспан асты елі аталған Қытай Халық Республикасында бұл күн ең басты мереке болып саналады. Қытайлар Республика күнін 1 қазанда тойлайды. 1949 жылы дәл осы күні халықаралық аренада қытайлардың атынан сөйлейтін бір ғана заңды өкіл болуы керек деген шешім қабылданып, сол шешімнің негізінде Қытай Халық Республикасы жарияланған болатын. Республика күнінде арнал ел астанасы Бейжіңнің орталық алаңы – Тяньаньменьде әскери шеру ұйымдастырылып дағды қалыптасқан болатын. Кейіннен 1959 жылы қабылданған шешім бойынша, шерулер тек мерейтойлық даталарда ғана ұйымдастырылып, одан кейін мәдени революциялар басталысымен, мұндай шерулер мүлдем тоқтатылған еді. Жалпы, мереке жеті күн бойы тойланады. Бұл алтаны қытайлар «Алтын алтта» деп атап кеткен. «Алтын алтта» аталуының себебі қытайлар басқа қандай мереке болса да тойлауын тойлайды, бірақ ешкім жұмыстан, не оқудан босатылмайды. Қалаларда кешкісін фейерверк атылады. Ал жалпы халыққа көпсөк, өркім өз қалауынша тойлайды. Өйткені бұл ұлттық емес, мемлекеттік мереке болғандықтан, өзіне тән тойлау дәстүрі жоқ.

стр. 3

♦Мереке шуағы

Үздіктер ұлықталған күн

РЕСПУБЛИКА КҮНІН МЕРЕКЕЛЕУ ҚАРСАҢЫНДА АУДАН ӘКІМІ РУСЛАН НӘРМҰХАНБЕТОВТІҢ ҚАТЫСУЫМЕН «ЖАС СҰҢҚАР-2022» ЖАСТАР СЫЙЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ АУЫЛ ЖАСТАРЫНЫҢ, КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМЫТУ МЕН ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН ОСАКАРОВ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ГРАНТЫН, СОНЫМЕН ҚАТАР АУДАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН ӘСІП-ӨРКЕНДЕУІНЕ ҚОСҚАН АЙРЫҚША ҮЛЕСІ ҮШІН АУДАН ӘКІМІНІҢ «ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫН» БІР ТОП АЗАМАТҚА САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ТАБЫСТАУ РӘСІМІ ӨТТІ.

Жастар – кез келген қоғамның болашағы мен қозғаушы күші. Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар бұғыны, ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты. Сондықтан да мемлекеттік саясаттың негізгі бағытының бірі – жастарды қолдау. «Жас сұңқар-2022» байқауының мақсаты да осы болды.

Әрине, «бақ шаба ма, бал шаба ма?» дегендей «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар» алға сұғырылып шықты. Сонымен, аламанда атойлатқан, тұлпар мінгі ат ойнатқандар арасынан Есіл ауылының «№2 жалпы білім беретін мектеп» КММ дене шынықтыру мұғалімі Владимир Рябков «Жылдың үздік жас спортшысы» атанса, «Prom Line» ЖК басшысы Олег Зализняк «Жылдың жас кәсіпкері» болып танылды. Жас болса да мұғалімдік жолды таңдаған, оқушыларды білім-ғылымға баулимын деген Шұнқырқол ауылының №11 жалпы білім беру мектебінің физика-информатика мұғалімі Гүлістан : Елеусізова – «Жылдың жас ұстазы». Осакаров ауданының орталық ауруханасының жалпы практика мейіргері Иманғалиев Иманғарт болса дәрігерлер арасынан оза шауып «Жас денсаулық сақтау саласының қызметкері» аталымында жеңімпаз атанды. «Жас мәдениет қызметкері» аталымында Осакаров аудандық мәдени-сауық орталығының мәдени ұйымдастырушысы Райымбек Сатыбалды қара үзіп бірінші келді. Ал, Қарағанды облысы Осакаров ауданының № 17 өрт сөндіру бөлімінің жүргізушісі Рамазан Тұғамбаев – «Жылдың жас қозғаушысы».

Мектеп оқушылары арасында да үздіктер анықталды. Атап айтсақ,

«Жылдың жоғары сыныптағы оқушысы» аталымында Осакаров ауданы білім бөлімінің Әлихан Бөкейхан атындағы тірек мектебінің 10 сынып оқушысы Бекарыс Берікбай мен Есіл ауылының «№ 2 жалпы білім беретін мектеп» КММ 10 сынып оқушысы Дениз Цебердің есімдері бірге аталды.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік тіл – болашағым» аталымында Мирное ауылының №20 жалпы білім беретін мектебінің 10 сынып оқушысы Верза Хвостунова, «Жылдың жас көшбасшысы»аталымында «№9 гимназия базасындағы тірек мектебі (РО)» КММ информатика пәнінің мұғалімі Юрий Федоров, «Жылдың жас мемлекеттік қызметшісі» аталымында «Осакаров ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ бас маманы Мария Джабайханова ,

«Жылдың жас жұмыскері» аталымында «Kazakhmys Coal» ЖШС жүргізушісі Дәуренбек Ақынов, «Үздік ерікті» аталымында «SARYBEL ERIKTILERI» ҚБ белсенді еріктісі Мухамедали Боранбай үздіктер қатарында болды.

Бұл кештің тағы да бір айта кетері, бұл күні өз кәсібін дөңгелетемін деген құлшынысын білдірген жастарға Осакаров ауданы өкімінің гранты бұйырды.

Сұлулық салонына қажетті заттар аламын деген Дилара Сүлейменована 600 000 теңге, аяқ киім шеберханасына деп Бақытбек Ерболатқа 900 000 теңге грант бұйырды. Шағын дүкен ашып, кәсіпкерлікке бет бұрамын деген Базаргүл Хашханбай мен құс фермасына ақша сұраған Имани Газиевااның өрқайысы 1 000 000 теңгеден алатын болды. Тұрмыстық тауарлар дүкені үшін Валерий Черницкий 1 200 000 теңге, Ерлан Бегембай бөлшек сауда дүкенін кеңейтуге 1 300 000 теңгеге ие болды.

Ал, «Құрақ тазалау қызметін» қолға аламын деген Дениз Шиц пен Кафе-Кино-Студияға қаржылай көмек сұраған Татьяна Комарда 2 000 000 теңгеден еншіледі.

Ал, ауданның әлеуметтік, экономикалық дамуы мен өсіп-өркендеуіне қосқан айрықша үлесі үшін аудан өкімінің «Құрмет грамотасымен» Шідерті ауылының жергілікті қоғамдастық мүшесі, қоғамдық кеңісім Кеңесінің төрағасы Бағдат Иманқызы Голтакова, Осакаров ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жүргізушісі Қазым Мұхамедқалиұлы Емберғенов, Аманқорғыр ауылдық клубының мәдени ұйымдастырушысы Рахат Әлмырзақызы Құсайынова, көпбалалы ана «Алтын алқа» иегері, Шоқай ауылының тұрғыны Эмма Эдуардовна Карабаева, «Жатва» Шаруа қожалығының агрономы Сергей Викторович Купиков, Қазақстан Республикасы Қарқы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Серік Сабырұлы Мұсаперов, «Қазводхоз» РМК Қаныш Сәтбаев атындағы канал филиалының мұнай өнімдерін тазартушысы Нуриля Чумабековна Сафронова марапатталды.

Сельский Труженик

Осакаров ауданының апталық газеті

Уважаемые читатели!

Началась подписная кампания на 2023 год на районную газету «Сельский труженик».
Подписку на газету можно оформить во всех отделениях почтовой связи АО «Казпошта», а также в редакции.
Индекс подписки для физических лиц - 65621, цена на полгода – 2283,60 тенге, на 1 год – 4567,2 тенге.
Индекс подписки для предприятий и организаций – 15621, цена на полгода – 3183,60 тенге, на 1 год – 6367,2 тенге.
Для участников ВОВ, лиц награжденных медалями «Алтын Алка» и «Күміс Алқа», инвалидов 1,2 группы цены на полгода – 1983,60, на 1 год – 3967,2 тенге.
Дорогие читатели, оставайтесь с нами!
Адрес: п.Осакаровка, ул.Достык, 34, ТОО «Районная газета «Сельский труженик».
Телефон для справок: Номер редакции 4-30-19. 8-778-1984-100.

♦??????????

Ауыл дәмі – Астанада

ШУАҚТЫ МЕРЕКЕ РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА АСТАНАДА ҚАРАҒАНДЫ ЖӘНЕ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ. ЯҒНИ, 22 ЖӘНЕ 23 ҚАЗАНДА ҚОС АЙМАҚТЫҢ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІ ӨЗ ӨНІМДЕРІН ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫНА ҰСЫНДЫ.

«Астана-Арена» стадионы жанындағы алаңда өткен жәрмеңкеде қанаттас Қарағанды мен Ұлытау облыстарының фермерлері өнімдерін сөреге қойды. Арзан бағадағы табиғи, таза өнімге ала дорбасын толтырған елордалық ағайын дән риза. Шаруалар 138 тонна ет жеткізді. Жылқы етінің келісін – 2500 теңгеден саудаласа, сиыр мен қой етін 2300 теңгеге өткізді. Ал, жәрмеңкеге апарған ауыл шаруашылық өнімінің жалпы көлемі 700 тоннаға жуықтайды. Қолдың сары майының бағасы 3700 теңгеден сатылды. Картоп пен сәбіз – 120, пияз бен қырыққабаттың құны – 100 теңге. Қол қаймақтың келісі – 1500 теңге болса, Қарқаралы, Шеттің қымызы 1200 теңгеден өтіпті.

Иә, Қарағанды дәмі астаналық ағайынның дастарханынан үзілген емес. Жылда дәстүрге айналған жәрмеңкеде тауардан бөлек, «Нетиже», «Ren milk», «Евразиан фудс», «Апрель – Құлагер», «Дедов» сынды компаниялардың өнімне сұраныс жоғары. Мұнымен қоса, елордаға іргелес ел болғандықтан, көкөністеріміз де, ет өнімміз де, қымыз-құртымыз да үнемі базар сөресінде тұрады.

Жәрмеңкеде Осакаров ауданының шаруа қожалықтары да өз өнімдерін тұтынушыларға ұсынды. Айта кету керек, опар жәрмеңке сөресіне 11,7 тонна ет, 1 тонна балық, 1 тонна сүт өнімдері, 60 тонна картоп және 5 тонна көкөніс қойды.

Жәрмеңкеге қатысқан шаруа қожалықтарының басшылары Астана қаласы өкімінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

20 қыркүйек ноябрь 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕГІ ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Егемендік ел шоқтығы

Басы 1-бетте.

Бауырлас Түркия мемлекеті де Республика күнін қазан айында атап өтеді. Себебі 1923 жылы 29 қазан күні елдің тұңғыш президенті Мустафа Кемал Ататүрік ел конституциясына өзгерістер енгізіп, Түркия Республикасы деп жариялаған. Анадолы жерінің бас мерекесі жыл сайын сан-салтанатпен тойланады. Ал елдің бас қаласы Анкарадағы мейрам Ататүрік кесенесінен басталады. Бұл жердегі шараның алғашқы легі мемлекет және үкімет басшылары, министрлер мен саяси партия өкілдерінің қатысуымен өтеді. Мұнда атаулы мерекелерді Ататүрік жатқан жерде атап өту бұрыннан дәстүрге айналған. Бұл күні әдеттегідей елде қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, шағар орталықтарына қосымша сақшылар жұмылдырылады. Қараша халық Түркиясын алғашқы парламентінен – Ататүрік кесенесіне дейін алқызыл байрақтарымен шеруленеді. Республика күні елдің әрбір үйінде, мектептер мен емхана, дүкендерге мемлекеттік ту ілінеді. Осылайша, түрік халқы бұл күнді қастерлеп, үлкен той-думанмен атап өтеді.

Ал Италияда Республика күні жыл сайын 2 маусымда тойланады. Бұл маңызды дата Италия мемлекетінде жаңа басқару жүйесінің дүниеге келгенін білдіреді. 1946 жылы 2 маусымда бүкіл халық, оның ішінде әйелдер қатысқан референдум өтті. Нәтижесінде, Италияда соғыс уақытында өзін фашистік режиммен тығыз ынтымақтастықта ұстаған монархия жойылып, республика жарияланды. Король Умберто II тақтан босатылып, билеуші Савой үйінің мүшелері жер аударылуға жіберілді. Ел жаңа басқару формасын қабылдады және кейінген Италияның жаңа конституциясын дайындаған Ассамблея мүшелерін сайлады. Республика күні елдің ірі қалаларында әскери парадтар өтеді. Римдегі алғашқы республикалық шеру сонау 1948 жылы өткен болатын. Шеру Колизейден Капитолийдің өтегіне дейін Императорлық форумдар даңғылы бойында өтті. Италияның НАТО-ға кіруімен елдің басқа ірі қалаларында әскери парадтар өткізіліп, 1950 жылдан бастап әскери парад мерекенің ресми іс-шараларының тізіміне енгізілді. Қарулы күштердің барлық бөлімшесінің әскери қызметшілері қазіргі заманғы парадтарға қатысады. Оның ішінде ауқымдағы, әскери-теңіз күштері, құрлық әскерлері, оның ішінде апиталық барсельерлер тобы, карабинерлер (полициялық арнайы бөлім), Қаржы гвардиясының қызметкерлері, орман полициясы, құтқарушылар және тіпті Қызыл крест медбикелері де бар. Шеруді президенттік полктың біріккен атты әскері ашқайды. Рим орталығының аспанында ұшақтар айналған Eurofighter жауынгерлері Италияның мемлекеттік туының түстерін ауада шашып, айналып жүреді.

Посткеңестік мемлекеттердің біразы ресми декларациялары қабылданған күнді Республика күні ретінде атап өтеді. Оның ішінде Әзербайжан мемлекеті де бар. Әзербайжан Демократиялық Республикасы шығыстағы алғашқы зайырлы демократиялық мемлекет ретінде 1918 жылы 28 мамырда құрылған. 1990 жылдан бастап Республика күні ұлттық мейрам ретінде тойланады. Бұл күні ел астанасында әскери парад өтеді. Осы күннің құрметіне Бакудегі жер асты стансасына «28 мамыр» деген атау берілген. Онда Әзербайжан Демократиялық Республикасының құрылғанына арналған ескерткіш тақта орнатылған. 2008 жылы Республика күнінің 90 жылдығына байланысты мерейтойлық пошта маркасы шығарылды. Жаппы, ел халқы ұлттық мерекені асыға күтеді. Себебі мерекеде Әзербайжанның түкпір-түкпірінде концертік бағдарламалар ұйымдастырылып, кешкілік отшашулар атылады.

Тізіп шыққан тізімге қарасаңыз, әлем елдерінде бұл мереке күнінің жайма шуағында өтеді екен. Осыған байланысты халықтың түрлі іс-шарға атсалысуына жағдай толық жасалған. Бұл шетел, өрине...

Ал, біз ше?! Қазақстандықтар? Біз ел Егемендігін осындай сан-салтанатпен өткіземіз бе? Ел еңсесінің шоқтығына айналған Республика күнін Алаш болып атқарсақ, Міне, елдіктіктің, өрліктің де көрінісі осы болмақ. Атамыз асыға күткен армандағы асқақтата біліу - бізді парыз.

♦????????

Ғаламторда алаяқтар құрған «тор»

ИӘ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР АРҚЫЛЫ АРАМ ЖОЛМЕН ҚАЛТАСЫН ҚАМПИТЫП ҚАЛҒЫСЫ КЕЛГЕНДЕР САНЫ КҮРТ АРТТЫ. ОҒАН ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТСЫЗДЫҒЫ ШЫНЫМЕН СЕП. «МЕН АЛДАНДЫМ» ДЕГЕНДЕР СОТҚА ЖҮГІНСЕ ДЕ БЕРГЕНІН ҚАЙТАРЫП АЛА АЛМАУДА, ОҒАН СЕБЕП – БҮГІНГІНІҢ ОСТАП БЕНДЕРЛЕРІ КИБЕРШАБУЫЛДЫ ШЕТЕЛДЕ ОТЫРЫП АЛЫП ЖАСАУЫ.

АҚШ-ТА ТІРКЕЛГЕН ДОМЕН

Алаяқтардың тамыры шетелге жайылғаны сондай, Қазақстандық құқық қорғау қызметкерлері АҚШ-тың Өділет министрлігіне қазақстандық ірі компаниялардағы атап, алаяқтық хат жіберу дерегі бойынша сұраныс жасауға мәжбүр болды.

«Желіде, оның ішінде әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде түрлі жобалардың жарнамасы белсенді түрде таралып жатыр, онда салымдар бірнеше есе пайда әкелетіні айтылған. Қазақстандық ұлттық компанияларға инвестициялар жоғары табыс әкелетіні айтылған ақпарат тарап жатыр. Домен атауларын тексеру барысында бұл сайттардың мазмұны бірдей екені және олар АҚШ-та тіркелгені анықталды», – деді ІІМ брифингінде ведомство өкілі Шұғыла Тұрлыбек.

Тексеру барысында мұндай сайттардың бірі тіркеу формасы орналастырылған басты беттен тұратыны, содан кейін тіркеуден өтті ету және жеке шот құру туралы мәтіні бар бет ашылатыны анықталған.

«Сайт фишинг екені және азаматтардың дербес деректерін жинауға арналған деп пайымдауға негіз бар. Ресурс иелерін анықтау үшін АҚШ-тың Өділет министрлігіне тікті сұрау жіберілді», – деп түсіндірді Шұғыла Тұрлыбек.

ІРО-НЫ ПАЙДАЛЫНЫП ҚАЛҒЫСЫ КЕЛГЕНДЕР...

Қазақстанда ұлттық компаниялардағы ІРО-ға шығару туралы айтылған бетте алаяқтар іске кірісті. Тіпті, әлеуметтік желілерде жарнамасын жарқыратып жалғаны жалпаянан басқандар, қарапайым халықты «Күніне 65 000 теңгеден табыс табасыз» деген сөзбен қармап қылып тастады. Құр сөзге сенгендер қаржыларын салып та жіберген. Ал шындығында бұл алғашқы болып қор нарығына «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниясының бағалы қағаздарын АІХ және KASE алаңына шығару жоспарланып отыр. Нақты уақыты да белгіленген жоқ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жеңшелендіру жоспары шеңберінде ІРО-ға шығаруға жататын ірі компаниялардың акционері ретінде «Самұрық-Қазына» қорының өкілі Даурен Ақшалов:

– Қазіргі уақытта алаяқтардың Қазақстан азаматтарын «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына қаржы салуға шақырып, арнайы сайт, мобильді қосымша құрып, әлеуметтік желілерде парақшалар ашып, жалған ақпарат тарату жағдайлары жиілеп кетті. Біздің компания Қазақстан азаматтарының қаржысын өшіндай инвестициялық жобаларға тартуға шақырмаған мәлімдейді. Таратылып жатқан жалған жарнамалық хабарландыруға сенбеңіздер. Сақ болыңыздар! Қандай да бір әрекет жасар алдында ақпараттың растығын анықтап алыңыздар. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы өз қызметі туралы барлық ақпаратты ресми сайтында, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында ғана жариялайды, – деді.

Алаяққа алданып қалмаудың жолдары туралы «Қазпошта» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Мүсірепп Хасенов те айтып берді.

– ІРО-ға кәсіби қатысушыларда Қаржы нарығын реттеу және дамыту агентігінен алған лицензия болады. Мұны Агенттіктің ресми сайтында тексеруге болады. Сондай-ақ, биржа мүшелері лицензиат болып табылады, мұны биржа сайтында «Биржа мүшелері» бөлімінен анықтай аласыз. Сондай-ақ, агенттіктер шын лицензиаттың кім екендігі туралы тарататын әртүрлі видеороликтер қарауыңыз керек. ІРО орналастырудың өзіне келетін болсақ, бұрын хабарланғандай, акцияларды брокерлер арқылы сатып алуға болады, ол үшін Сіз олардың клиенті болуыңыз керек, сонда сізге шот ашады немесе АІХ «Табыс» қосымшасы арқылы жұмыс істейді, – деді ол.

Айта кету керек, 2025 жылға дейін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 7 ірі активі, оның ішінде 6 актив ІРО арқылы бөсекелес ортаға ішінара шығарылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ІРО-сы биылға жоспарланған. Акция АІХ және KASE алаңдарында орналастырылады.

«ҚАЗПОШТА» ДА ШЫРЫЛДАУДА

Интернет желісінде жалған сайттар мен платформалар арқылы «Қазпоштаның» қызметтерін ұсынатын алаяқтар белсенді бола бастады. Әдетте олардың арбауына түрлі сайттарда сату туралы және хабарландырулар беретін авторлар түседі. Алаяқ сатып алушы ретінде өзін таныстырады және басқа қалада, кішкентай баламен отырғанын алға тартып, тауарды бірден сатып алуға дайын екенін білдіреді. Оның ақысын немесе жеткізуге тапсырысты «Қазпошта» арқылы беретінін сендіреді. Өзінің алдауына түскен адамнан сайттың доменіне және дизайнына ұқсас веб-ресурсқа өтуді сұрайды.

Жалған сіптеме бойынша өзін адамға тауардың ақысын картаға аудару сыптауымен үлгіні толтыру, банк картасының реквизиттерін, оның ішінде CVV-кодты толтыру ұсынылады. Бірақ бұл алаяқтардың банк картасының деректерін қолданып, ондағы қаржыны шешіп алуына өкеліп соғуы ықтимал. Жалған сайтқа атауы белгілі интернет-ресурстарға ұқсас келді немесе оның атауында танымал брендтің немесе компанияның атауы болуы мүмкін.

«Жалған сайттардың мысалы: http://post.kz.obyavlenje.com, http://kzpochta.yourcplata.online Доменнен (.kz) кейінгі қиғаш сызықтың (/) орнына нүктелер (.) болса, бұл сайттың жалған екенін көрсетеді.

Интернет-ресурстың сенімді және қауіпсіз екендігін айқын білген жағдайда ғана жеке төлем картаңызның деректерін беруге болатынын ұмытпаған абзал. Бұл бағытта сайттың, порталдың, интернет-дүкеннің, төлем сервисінің шынайы екендігін тексергеніңіз дұрыс. Мәселен, іздеу жүйесінде қажетті компанияның, мекеменің немесе дүкеннің атауын енгізіңіз және ресми сайтқа, атауын Сізге ұсынған сайтпен салыстырып көріңіз. Егер күмәнді белгілерді байқасаңыз, жеке деректерінізді ұсынудан және транзакцияны өткізуден бас тартыңыз. Сізге қажетті интернет-ресурстың мекенжайына баса назар аударыңыз. Себебі оның жазылуына бөгде сөздер және белгілер болмауы тиіс», – дейді «Қазпошта» өкілдері.

ЕГДЕ ЖАСТАҒЫЛАР АЛДАНАДЫ

Соңғы кезде ұялы телефонмен қоңырау соғып өздерін банк қызметкерміз деп таныстырған алаяқтар да көбейген. Олар жеке адамдарға қоңырау шалып, алған несиелерінде кателік барын немесе қожат кателігі орын алғанын алға тартып, тұлғаның ЖСН-нін, несие карта нөмірін және жеке шот нөмірін сұрайды.

Аталған жағдайға көбіне егде жасқа келген адамдар душар болады. Алаяқтар олармен қалай сөйлесу керектігін жіті меңгерген.

Бұған дейін банк қызметкері болып қоңырау шалған алаяқтар енді құқық қорғау органының атын да жамылуда. Тіпті, алаяқтар құқық қорғау органының логотипіне дейін айнытпай пайдаланған.

Барлық азамат мынаны білуі тиіс: банк қызметкерлері немесе құқық қорғау органының қызметкері өшіндаған жеке нөмірге хабарласып, жеке құжаттың ақпаратын сұрамайды.

Сондай-ақ, полиция қызметкерлерінің көмесіне сүйенер болсақ, әлеуметтік желідегі түрлі жарнамаға алданып қалмау керек. Алаяқтардың алдымен көздегені – адамды қорқыту. Олар қорқыту арқылы адамды өзіне бағынышты қылып, ойындағысын іске асырады.

1 МЛН. 350 МЫҢ ТЕҢГЕ ҚОЛДЫ БОЛДЫ

Қарағанды қаласында полицейлерге жүгінген 57 жастағы тұрғын өзін алаяқтар алдап кеткенін айтқан. Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, жібірленуші белгісіз алаяқтың 1 млн 350 мың теңге мөлшерінде алдап ақша алғанын айтқан.

«Алаяқтың жібірленушіге өзін белгілі бір банктің қауіпсіздік қызметкері ретінде таныстырып хабарласқаны анықталды. Жібірленушінің атынан белгісіз біреу несие рәсімдемек болғанын айтқан. Алаяқтарды анықтау үшін өз кезегінде кейіннен қайтарылатын несиені алу қажеттігін айтқан. Кейін банк менеджері ретінде ойел ақшаны қай қаржы мекемесінен алып, қай есепшотқа аудару керек екенін түсіндіреді.

Алаяқтардың арбауына түскен жібірленуші 1 млн 350 мың теңге несие алып, өзін банк қызметкері ретінде таныстырған қызметкердің көмесімен ақшаны белгісіз біреуге жіберген», - делінген хабарламада.

Аталған факті бойынша ҚР ҚК 190-бабы (Алаяқтық) бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. Жедел-іздестіру шаралары барысында криминалдық полиция қызметкерлері күдіктілерді анықтап, ұстады.

Алаяқтар 18 жастағы қыз бен оның 21 жасар досы екен. Олар өз кінәсін мойындады. Полиция бұл жұптың басқа да осыған ұқсас қылмыстарға қатысы барын анықтаған.

Түйін. Өріне, пенде болғаннан кейін әркім алаяққа алданып қалуы мүмкін. Бірақ, «Бұл не деген батпан құйрық, айдалада жатқан құйрық» деңгейді ұстап ұстамаңыз абзал. Алаяқтан абай болайық...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

ТОО «АБК-Автодор НС» проводит общественные слушания по Проекту "Раздел «Охрана окружающей среды» к плану горных работ на добычу осадочных пород на месторождениях «Кундыз-1», «Кундыз-2», расположенных в Осакаровском районе Карагандинской области».

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Осакаровский район, с. Осакаровка и Осакаровский район, сельский округ Сункар.

Слушания состоятся 02.12.2022 г. в 12.00 ч. по адресу: Карагандинская область, Осакаровский район, п.Осакаровка, здание музея, адрес ул Коркем 8.

Слушания состоятся 02.12.2022 г. в 16.00 ч. по адресу: Карагандинская область, Осакаровский район, с.Сельстрой, начальная школа.

В случае введения режима ЧС и карантина на территории РК, слушания будут проведены в формате видеоконференции, для принятия участия необходимо скачать приложение ZOOM Meeting Cloud. Идентификация конференции: 387 530 9521. Пароль: uv3JD5.

Инициатор – ТОО «АБК-Автодор НС», БИН: 990140000661, город Астана, район Есиль, улица Сығанақ 10/2, тел.: 8-771-072-2100.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ», БИН: 100540015046, г. Кокшетау, ул. Шалкар 18, оф. 15, тел.: 8 (747)1031959.

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте МИО и ЕЭП: ecoportal.kz. https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail: alait2030@gmail.com и по тел: 8 (747)1031959.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», г.Караганда, ул.Лободы, 20, тел.: +7-721-2- 56-41-27, электронный адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru

"АБК-Автодор НС" ЖШС Қарағанды облысының Осакаров ауданында орналасқан "Құндыз-1"," Құндыз-2 "кен орындарында шөгінді жыныстарды өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына" Қоршаған ортаны қорғау "бөлімі" жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Осакаров ауданы, Осакаровка ауылы және Осакаров ауданы, Сұңқар ауылдық округі.

Тыңдау 02.12.2022 ж. сағат 12.00-де Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Осакаровка кенті, мұражай ғимараты, Қоркем көшесі 8 мекенжайы бойынша өтеді.

Тыңдау 02.12.2022 ж.сағат 16.00-де Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Сельстрой ауылы, бастауыш мектеп мекенжайы бойынша өтеді.

ҚР аумағында ТЖ және карантин режимі енгізілген жағдайда тыңдаулар бейнеконференция форматында өткізіледі, қатысу үшін ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 387 530 9521. Құпия сөз: uv3JD5.

Бастамашысы:"АБК-Автодор НС" ЖШС, БСН: 990140000661, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі 10/2, тел.: 8-771-072-2100.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші "АЛАИТ" ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., Шалқар к-сі, 18, КҚ. 15, тел.: 8 (747) 1031959.

Жоба материалдарымен ЖАО және БЭК сайтында танысуға болады: ecoportal.kz. https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ e-mail бойынша жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: alait2030@gmail.com және тел: 8 (747)1031959.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қолжетімділігін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО - "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20, тел.: +7-721-2-56-41-27, электрондық мекенжайы: expertiza.upr_krg@mail.ru

♦Ескерту

Дөңгелек ауыстырыңыз

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖОЛ ПОЛИЦЕЙЛЕРІ КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРГЕ ЖАЗҒЫ ШИНАЛАРЫН ҚЫСҚЫҒА АУЫСТЫРУЛАРЫН СҰРАЙДЫ.

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша алдағы уақытта жауын-шашын, (негізінен қар) боран мен жел, сондай-ақ, өлшіздік бірқатар өңірлерінде көктайғақ пен тұман күтілуде. Сондықтан, облыс жолдарындағы көлік құралдарының қозғалысы полиция тарапынан жіті бақылауда.

Ал, жазғы дөңгелекті қысқыға ауыстыру қажеттілігі жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Ауа температурасының төмендеуі сонымен қатар, жауын-шашын кезінде жолда мұз қабығы пайда болып, нәтижесінде жазғы резенкелі көліктердің тез тежелуіне кедергі келтіреді. Бұның соңы қайғылы апаттарға әкеліп соғуы ғажап емес.

УСЛУГИ АССЕНИЗАТОРА
ИП "Софронов"
+7 (702) 654 53 52
+7 (707) 121 95 66
Работаем 24/7
Осакаровкий район
Постоянным клиентам скидка



Продаётся дом в с. Пионерское. Тёплый, шпальный, недорого. Тел.: 8 702 605 57 04; 42 7 62